ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 08 сәуір №2301-24-00-2/210 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.Б.Саудабаев,
сот отырысының хатшысы А.Нигметова болып, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Аққиізтоғай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«HyperOptic QZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. 110 938 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор А.Сагындыков
аудармашы С.Жумагазиева
талап қоюшы өкілі Ф.Нәрсәлімова
жауапкер өкілдері Д.Кульбаев, А.Джунусов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 21 қазанда тараптар мемлекеттік сатып алу туралы №50 келісім-шартқа (келесіде - шарт) қол қойған.

Шарт бойынша жауапкер талап қоюшыға Аққиізтоғай ауылының 70 үйін интернет жүйесіне қосылуды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар қызметін шарт қазынашылық органға тіркелген күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген. Шарт қазынашылық органға 2023 жылғы 24 қазанда тіркелген.

Бұл жағдайда, жауапкер міндеттемелерін 2023 жылдың 23 желтоқсанға дейін орындауға міндетті болған.

Талап қоюшы сотта «HyperOptic QZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне талап қойып, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды, 110 938 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған. Талап қою талабының негізі ретінде жауапкердің тараптар арасында

жасалған мемлекеттік сатып алу туралы келісім-шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісті мерзімінде орындамағандығын көрсеткен.

Сот отырысында талап қоюшы өкілі Ф.Нұрсәлімова талап қоюды қолдап, қызмет әлі күнге дейін толықтай орындалмағанын, мекемеге жағымсыз салдар туғызғанын, тұрғындардан шағым түсіп жатырғанын айтып, талапты қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілдері Д.Кульбаев, А.Джунусов талапты мойындамай, шарт бойынша міндеттемелерді орындағандарын, интернет желісін ауылға кіргізгендерін, бір үйге қондырғандарын, басқа қандай үйлер желіге қосылатынын білмегенін көрсетіп, талапты қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор А.Сагындыков берген қорытындысында талап қанағаттандырылуға жататынын көрсетті.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

1.Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (келесіде - АК) 272, 277-баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше және мерзімінде орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Жауапкердің шарт бойынша міндеттемелерін мерзімінде орындамауы талап қоюшының сотқа талап қоюмен жүгінуіне негіз болды.

Талап қоюшының уәждеріне сәйкес жауапкер шарт бойынша алған міндеттемелерін толықтай орындаған жоқ, шарт жасалған күннен бастап тиісті қызмет жетізген жоқ, жауапкермен қызмет шартта көзделген мерзімде және сот шешім шығару кезінде де орындамаған.

Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын шарттың 2-қосымшасына сәйкес жауапкер Аккиізтоғай ауылының 70 үйін интернет жүйесіне қосылуды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жасауы қажет. Жұмыстарды орындау орны: Аккиізтоғай ауылы (Ізбасов көшесінде 2 үй, Молхат көшесінде 4 үй, Аронұлы көшесінде 4 үй, Мақатаев көшесінде 12 үй, Жанаев көшесінде 2 үй, Сатыбалдиев көшесінде 4 үй, Көшербайұлы көшесінде 6 үй, Мөңке би көшесінде 7 үй, Түркеш көшесінде 3 үй, Жансүгіров көшесінде 4 үй, Ақберен көшесінде 3 үй, Боқанов көшесінде 3 үй, Мәуленов көшесінде 4 үй, Жаңатаң көшесінде 6 үй, Тіленшіұлы көшесінде 2 үй, Жәңгір хан көшесінде 1 үй, Мұратбаев көшесінде 3 үй.

Шарттың 4.1.3-тармағына сай, орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде орындалатын жұмыстардың шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын осы шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға сәйкес келуін қамтамасыз етуге міндеттенеді.

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 10.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.06.2024, судья Саудабаев А. Б., 26.06.2024
2301-24-3-1/215

Шарттың 6.1-тармағына сәйкес жұмыс орындалды деп саналады орындаушының жұмыстарды осы шартқа қосымшаларда көрсетілген талаптарға толық сәйкестікте тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалады деп саналады.

Шарт және қосымшасы талаптарына сәйкес жұмыстар жауапкермен тапсырылмаған.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сай, осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы аталған міндетін орындап, сотқа жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен алғашқы рет 2024 жылғы 18 қаңтарда жүгінген.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы сотта талап қоюы негізді және қанағаттандырылуға жатады.

2.Заңның 43-бабының 24-тармағына сәйкес, өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда, тапсырыс беруші тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) өндіріп алуды қамтамасыз етеді.

Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) тиісті бюджет, мемлекеттік кәсіпорын, дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға немесе олармен үлестес заңды тұлғалар кірісінің есебіне жатқызылады.

Шарттың 8.3.-тармағында көзделгендей, өнім беруші тауарды жеткізуден бас тартқан немесе шарт бойынша тауар жеткізу мерзімі өткен күннен бастап әр күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіруге құқығы бар.

Талап қоюшының сотқа ұсынған есебіне сәйкес тұрақсыздық айыбы 25 күнге есептелді, жалпы сомасы 110 938 теңге құрайды.

Есепті тексеріп, сот оның дұрыс жасалғандығын анықтады.

АПК-тің 72-бабының 1-бөлігіне сай, әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғаныс құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 10.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.06.2024, судья Саудабаев А. Б., 26.06.2024
2301-24-3-1/215

жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелер және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімде келтіруге тиіс.

Көрсетілгендердің негізінде, талап қоюшының сотта жауапкерге қойған талаптары толық қанағаттандырылуға жатады. Жауапкер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылып, одан мемлекет кірісіне 110 938 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру қажет.

АПК-тің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 5 174 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Сот АПК-тің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Ақкиізтоғай ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің «HyperOptic QZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 110 938 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

«HyperOptic QZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«HyperOptic QZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 110 938 (бір жүз он мың тоғыз жүз отыз сегіз) теңге тұрақсыздық айыбы, 5 174 (бес мың бір жүз жетпіс төрт) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы АПК-тің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья А.Б.Саудабаев

Көшірмесі дұрыс:
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама: шешім түпкілікті нысанда 2024 жылғы 10 сәуірде шығарылды.
Судья А.Б.Саудабаев
Анықтама:
Шешім заңды күшіне 2024 жылғы « 21 » маусымы енді.
Судья А.Б.Саудабаев

Құжатқа қол қойылған: Саудабаев А. Б., 10.04.2024
Заңды күшіне енген күні: 21.06.2024, судья Саудабаев А. Б., 26.06.2024
2301-24-3-1/215